«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

01.06.2018 ж. № ІІМД-Е-14/1276

«ТВИК» ЖШС-нің
директоры
Әнибек Е.Н.

ОҚО, Шымкент қ., 18 ш/а, үй 1/69

Сізден 2018 жылдың 24 мамырындағы
№ ЮЛ-Ә-599 келіп түскен хатыңызға

Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігі ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(әрі қарай – Департамент)*, Сіздің хатыңызға байланысты келесіні хабарлайды.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында «Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ-сі «Жамбыл облысы Байзақ ауданы орта мектептерінің ғимаратын күрделі жөндеу» № 2161175-1 ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуын өткізген.

2018 жылдың 15 мамырындағы ашық конкурстың қорытынды хаттамасына сәйкес, конкурстық комиссия Сіздің конкурстық өтініміңізді келесідегідей конкурсқа катысудан: «Әлеуетті өнім берушіде негізгі материалдық ресурстар тізімінде көрсетілген кемінде 3 жеке меншік құрылыс машиналары, тетіктері мен көлік құралдары жоқтығы; учаскенің бастығы, жұмыс жүргізуші, мастер, бас инженерден басқа жұмыстарды орындау үшін қажетті еңбек ресурстары жоқ; автомобильді кран, 10 т, құрылыс ерітінділер үшін қолмен басқарылатын электр сорғы қондырғылары, қ. 150м2 м3/с, мұнаралы кран, 8т басқа жұмыстарды орындау үшін қажетті материалдық ресурстары жоқ» деп шеттетілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай - Қағида)* 150 тармағына сәйкес конкурстық комиссия Сіздің конкурстық өтініміңізді конкурсқа қатысудан жоғарыда көрсетілген материалдық және еңбек ресурстарына байланысты негізсіз шеттекені анықталды, өйткені Сіздің конкурстық өтініміңізде конкурстық құжаттамада көрсетілген материалдық және еңбек ресурстарының бар екендігі анықталды.

Алайда, осы Қағиданың конкурстық құжаттамасының 5 қосымшасы (Біліктілігі туралы мәлімет) ескертуінің 14 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге жобалау-сметалық құжаттаманың (құрылыс ұйымының жобасы) тиісті бөлімінде не еңбек ресурстарының тізбесінде көрсетілген Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын өз құрылыс машиналарының, тетіктер мен автокөлік құралдарының, бірақ үш бірліктен аспайтын негізгі түрлерінің болуы туралы талап белгіленген.

Және де, осы 5 қосымшаның (Біліктілігі туралы мәлімет) ескертуіндегі 13 тармағына сәйкес, материалдық ресурстары болуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін беру туралы талап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын құрылыс машиналарына, тетіктер мен автокөлік құралдарына ғана қолданылады.

Конкурстық құжаттаманы бақылауда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы негізгі материалдық және еңбек ресурстарының тізімдерінің салынғаны, және осы тізімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын құрылыс машиналары, тетіктер мен автокөлік құралдары көрсетілген, нақтылап айтқанда:

- № 15738024-ОК1 лоты бойынша – автотиегіш, 5т, автомобильді кран, 10 т, борттық машина, 10 т дейін, мұнаралы кран, 8т.

Сіздің конкурстық өтініміңізді конкурсқа қатысудан шеттеткенге байланысты тексеруде, Біліктілік туралы мәліметте Сіздің тарапыңыздан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын меншікті құрылыс машиналары, тетіктері мен автокөлік құралдары бар екендігі, нақты: автомобильді кран пуансон камаз 53212, шанышқылы тиегіш вп-05 көрсетілген.

Тиісінше, Сіздің тарапыңыздан № 15738024-ОК1 лоты бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын тек 2 (екі) жеке меншікті құрылыс машиналары ғана расталған.

Осыған орай, Сіздің конкурстық өтініміңіз конкурстық құжаттамада көрсетілген тіркеуге және есепке алуға жататын 3 жеке меншікті құрылыс машиналарына байланысты расталмады.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты, Қағиданың 150 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия Сіздің конкурстық өтініміңізді біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты негізді шеттетті.

Сонымен қатар, Сіздің конкурстық өтініміңіздегі көрсетілген жеке меншікті және жалға берілген құрылыс машиналары, тетіктер мен автокөлік құралдары конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық сипаттамаларға сай келмейді.

Конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасы (Біліктілігі туралы мәлімет) ескертуіндегі 15 тармағына сәйкес, конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің **конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруы жобалаушымен келісіледі.**

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің Мемлекеттік сатып алу заңнамасы Департаментінің 2017 жылдың 1 қарашасдағы № ДЗГЗ-1-3-43645/3988-ВН түсіндірмесіне сәйкес, **құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруы (өзара алмасуы) тек әлеуетті өнім беруші және жобалаушымен талаптарға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі**

аяқталғанға дейін ғана келісіледі. Мұндай келісім әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімінде ұсынылуы тиіс (болуы қажет).

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруы (өзара алмасуы) туралы жобалаушымен келісімділік Сіздің конкурстық өтініміңізде жоқтығы анықталды.

Конкурстық комиссиямен Сіздің Біліктілік туралы мәліметінде көрсетілген жұмыс тәжірибеңізге байланысты шартты жеңілдіктер қолданбағанына сай келесі анықталды.

Қағиданың 5-қосымшасы ескертуінің 8 тармағына сәйкес, құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидалары» нысанның функционалдық мақсаттарының ұқсастығын, салалық тиесілілігінің ұқсастығын, объектінің техникалық күрделілігін анықтау үшін негіз болып табылады.

Орта мектеп ғимаратын күрделі жөндеу, конкурстық құжаттамада көрсетілген мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес II (қалыпты) деңгейдегі, техникалық жағынан күрделі объектілерге жататыны анықталды.

Сіздің конкурстық өтініміңізде көрсетілген жұмыс тәжірибелеріңіз жоғарыда аталған «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларына» сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Осыған орай, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушымен Сіздің конкурстық өтініміңіздегі көрсетілген жұмыс тәжірибелеріңізге байланысты шартты жеңілдік дұрыс есептелінген.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6 бөлімдеріне сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімді жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе бағыныстылық тәртібімен субъектіге, сондай-ақ шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірмей сотқа шағым беруіңізге болады.

Басшының орынбасары **Қ. Орманов**

Бөкейханов Ә.Т.
8 (7262) 43-54-60